

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 152 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.01.2016 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 192-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық преференциялар берілетін қызметтің кіші түрлерінің сыныптауыш деңгейінде қызметтің басым түрлерінің **т і з б е с і** :

мынадай мазмұндағы 64-бөліммен және жолдармен толықтырылсын:

1	2	3	4
---	---	---	---

"64	Байланыс	64.2	Электр байланысы
		64.20	Электр байланысы, оның ішінде: ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарын пайдалану; ғарыш аппараттарын басқарудың жер үсті кешендерін және байланыс мониторингі жүйесін п а й д а л а н у ; ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарының транспондерлерін ұсыну; Жерді қашықтықтан зондпен тексеру жөнінде қ ы з м е т т е р ұ с ы н у ; ұтқыр байланыс және навигация жөніндегі төменгі орбиталық ғарыш аппараттарының қ ы з м е т т е р і н ұ с ы н у ; кәбілдік, радиотрансляциялық, релелік немесе

спутниктік байланыс, телефон, телеграф байланысы мен телекс, электр байланысы желілеріне техникалық қызмет көрсету, радио және теледидар бағдарламаларын беру (трансляциялау) жүйелері арқылы дыбысты, бейнелерді, деректерді немесе басқа ақпараттарды беруді қоспағанда";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық преференцияларды уәкілетті орган беретін инвестициялардың ең жоғарғы көлемі және инвестициялық салық преференцияларының қолдану мерзімдері:

мынадай мазмұндағы "Байланыс" деген бөліммен және жолдармен толықтырылсын:

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

" Байланыс 1 0 0

Электр байланысы
5 млн. АҚШ долларын 1-5 2 2

қоса алғанға дейін
5-тен 10 млн. АҚШ 1-5 3 3

долларын қоса
алғанға дейін

10-нан 20 млн. АҚШ 1-5 4 4

долларын қоса
алғанға дейін
20 млн. АҚШ 1-5 5 5

долларынан жоғары".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күні өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі